



Айыртау ауданының тұрғындарына ҮНДЕУ

Құрметті айыртаулықтар!



«Нұр Отан» партиясы Отанға, туған ауылға деген махаббат өзіміз жүріп өткен көшеден, тұрып жатқан үйден, ауданымыздың тазалығы, жайлылығы, өсемдігі үшін еңбектеніп жатқан адамдардан басталады деген қағиданы ұстанады.

Біз көлі, орманы, өзені бай елде өмір сүреміз. Бірақ ең басты байлығымыз - адамдар. Біздің селоларымыз - біздің

және балаларымыздың Отаны. Олар біз үшін әдемі, жайлы және абаттандырылған болуы керек. Ауданымызды абаттандыру бойынша көптеген жұмыстар жүргізілуде, біз де ауданымызда болып жатқан өзгерістерінің куәсіміз. Аудан орталығының алаңы және орталық саябағы



жөнделді, Достық көшесіне асфальт төселді, селолық округтерде демалу алаңдары ашылып, ғимараттардың және тұрғын үйлердің сырттары, аумағындағы алаңдары жаңартылып көріктендіріліп біздің село тұрғындарының жүрегіне қуаныш пен мақтаныш ұялатты. Бұл біздің болашағымыздың бастауы ғана. Көп жұмыстар істелініп, тағы да көптеген атқаратын жұмыстар алдымызда баршылық.

«Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалы **«БІЗДІҢ АУЫЛ» - «НАШЕ СЕЛО»** атты партиялық жоба аясында алдымыздағы 2015 жылды - аудан орталығын абаттандыру жылы деп хабарлайды. (Достық, М. Янко, Е. Әуелбеков көшелеріне ерекше назар аударылсын).

Біздің мақсатымыз:

Селолық елді мекендерді абаттандыру.

Село өмірінің сапалы жағдайын жасау.

Мақсатты индикаторлар:

Селолық елді мекендерді абаттандыру.

Көгалдандыру.

Санитарлық тазалық.

Осы жоба негізінде бізбен арнайы Ереже қабылданып, атқарылған жұмыстардың қорытындысы бойынша ең үздік үй және кәсіпорын, ең үздік көше, ең үздік ауыл ең үздік ауылдық округ аталымдарының жеңімпаздары марапатталады.

Ұйымдардың, ведомстволардың және меншіктің барлық түріндегі кәсіпорындардың ұжымдары, кәсіпкерлер мен бизнес өкілдерінің ауданның әрбір тұрғынын жоғарыдағы партия жобасын қолдауға шақырамыз.

Жер жерде жүргізіліп жатқан тазалық күндері бір жолғы және ықтиярсыз сипатта болмасын, әрбір аудан тұрғындарында тазалыққа, ұқыптылыққа деген қажеттілік туындап, туған жерге, табиғатқа және қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік сезімі оянса, құба құп болар еді.

Көше - біздің ауылдарымыздың беті. Әдемі, көгалданған, абаттандырылған көшелерде тұруға деген ортақ тілекпен ғана біз ауылдарымызды көріктендіре аламыз. Жұмыстың нәтижелілігі әр адамның жеке жауапкершілігі мен белсенді ұстанымына байланысты.

Тазалық пен тәртіп, табиғатты және қоршаған ортаны қорғау аудан тұрғындарының күнделікті қамы болуы керек. Әр күн туған табиғатқа деген қайырымды іске толы болсын.

Біздің үндеуімізге ауданның әр тұрғыны, әр кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның еңбек ұжымы үн қататынына сенеміз. Барлық тұрғындардың күш-жігерінің арқасында біздің туған өлкеміз анағұрлым таза және көркем бола түспек.

«Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының
Саяси кеңесі.

Ресми бөлім

ЖАҢА ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКС КҮШІНЕ ЕНЕДІ

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап, жаңа кодекстер, яғни Қылмыстық, Қылмыстық-процессуалдық, Қылмыстық-атқару және ҚР әкімшілік құқық бұзушылық кодекстері қолданысқа енгізіледі.

Соған сәйкес, өткен аптада 29 қазан күні Айыртау аудандық ішкі істер бөлімінде полиция полковнигі Айдос Ідірісовтің басшылығымен ауданның құқық қорғау органдарының семинар-кеңесі өткізілді.

Жиынға №1 Айыртау аудандық сотының төрағасы Нұрлан Нұрәлиев, Айыртау ауданы прокурорының орынбасары Серік Нұрқанов, ауданның төтенше жағдайлар бөлімі бастығының, ЕС 164/8 мекемесі бастығының және Айыртау орталық аудандық ауруханасы бас дәрігерінің



орынбасарлары, аудандық адвокаттар алқасының адвокаты, ауданның ішкі істер бөлімінің жеке құрамы мен учаскелік инспекторлар қатысты.

Жиын барысында Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Қылмыстық-процессуалдық кодекстердің жаңа ережелері, сонымен қатар өтініштерді қабылдап-тіркеу, қылмыстық құқық бұзушылықты хабарлау және сотқа дейінгі тергеуді Бірыңғай тіркеуді жүргізу тәртібі талқыланды.

Ауданымыздың Бас полицейі Қылмыстық-процессуалдық кодекстің сотқа дейінгі тергеу құрылымы концептуалдық деңгейде түгелдей еуропалық стандартқа сай өзгергендігін қадап айтты. Сонымен қатар жаңа кодекстер азаматтардың

құқығы мен еркіндігін қамтамасыз ететін маңызды құжат екендігін де атап өтті.

«Тарихта ешқашан құқық қорғау органдарының негізгі заңдары бір мезетте қайта әзірленбеген. Бүгін біздің алдымызда күрделі міндет тұр. Қысқа мерзім ішінде жеке құрамды жаңа заң талаптарына сай қызметке дайындауымыз керек. Оны жүзеге асыру біздің кәсіби біліміміз бен біліктілігімізге байланысты. Сондықтан алдағы жасайтын әрбір қадамымыз дұрыс болу керек», - деді ауданның ішкі істер бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Айдос Ідірісов.

№1 Айыртау аудандық сотының төрағасы Нұрлан Қайырбекұлы жаңа Қылмыстық кодекс баптарына

қатысты түсініктеме берді. Мәселен, енді жаңа кодекс бойынша мас күйінде автокөлікке отырып, адам өліміне себепкер болған жүргізуші 7 жылға бас бостандығынан айрылатын болады.

— Бұл шынымен де, күрделі мәселе. Сондықтан ведомствоаралық жұмыс тобы жол-көлік апатында адам қаза тапса, ал оған кінәлі азаматтың мас күйінде рульге отырғаны анықталса, оны ауыр қылмыс түрінде қарау керек деген шешім қабылдады, — деді сот төрағасы.

Сонымен қатар қазіргі қолданыстағы кодекс бойынша отбасындағы жағдайға байланысты күйеуі әйелін ұрған болса, айыпталушы әкімшілік жауапкершілікке тартылатын, енді жаңа қылмыстық кодекс бойынша айыпталушының үстінен қылмыстық іс қозғалатын болады.

Ал ауыр қылмыс жасағандарға 5 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған.

Сонымен қатар, жаңа кодексте қылмыс жасағаны үшін айыппұл төлеу жазасы қарастырылған. Айыппұл салу жазасын қолдану аясы кеңейтіліп, оған жеңіл және ауырлығы орташа қылмыстар қосылған.

Қылмыстық және Қылмыстық-іс жүргізу кодекстері жобалары бойынша Айыртау ауданы прокуратурасының өкілдері мен ішкі істер бөлімі бастығының тергеу жөніндегі орынбасарлары күнделікті жұмыс барысында кездесетін бірқатар мәселелерге тоқталды.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суреттерді түсірген автор.

Өз дініңе берік бол!

ДІН ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛЕР

31 қазанда №2 Саумалкөл мектеп-гимназиясының акт залында аудан мектептерінің жоғарғы сынып оқушылары, ауылшаруашылық және агротехникалық колледждердің студенттері, аудандық бөлімдердің жас қызметкерлерінің қатысуымен Солтүстік Қазақстан облысы Қазақстан халықтары ассамблеясының ұйымдастыруымен «Дін және дәстүрлер» атты семинар болып өтті.

Семинардың шымылдығын ашқан «Ассамблея» қоғамдық қорының директоры Наталия Геннадьевна Хан бүгінгі өткелі отырған семинар жастар арасында азаматтық және конфессияаралық татулыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеп, қамтамасыз етуге тырысамыз деді.

Аудандық «Қайрош» ата мешітінің бас имамы Рахымжан Сағынай қажы, Православиялық шіркеудің қызметкері Дмитрий Викторович Прохоров, «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемесінің сарапшысы Әбу-Бөкір Жақсылықұлы Кәрменов, Қазақстан халқы ассамблеясының облыстық секретариатының бас



маманы Раушан Еркеқызы Ысмайылова, Айыртау ауданы әкімінің жастар мәселесі бойынша кеңесшісі Рүстем Ерсіңұлы Дәулетовтер де осы мәселе бойынша өз пікірлерін ортаға салды.

Семинар соңында барлық қатысушыларға сертификаттар табысталды.

Әйгерім ОМАРОВА.
Суретті түсірген Ольга ТАРИЦИНА.

АКЦИЯ! АКЦИЯ! АКЦИЯ!

Жаңа жылға дейін 20000 теңгеге ОТАУ ТВ-ға

қосылып,

СЫЙЛЫҚҚА «ЭЛИТ» пакетін алыңыз!

Тел. 55-14-44, 36-04-70.

Мерейтой

Ұстаздықпен қатар өнерді серік еткен

«Ұстаз болу - жүректің батырлығы», - дейді дана халқымыз. Ел билеген ханнан, қарапайым қараға дейін бас иетін құдіретке ие ұстаздар қауымына қандай марапат, мақтау болса да жарасатыны сөзсіз. Күн-түн, қысы-жазы демей шәкірт санасына білім мен тәрбиенің дөнін сөйіп, үлкен өмірге қанат қақтыра білетін ұстаздардың құдіретіне бас иемсе шараң жоқ. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» - деген ұлы Абайдың ұлағатты сөзі есімізге оралады мұндайда. Сондай ұстаздық етуден жалықпаған, сан мыңдаған шәкірттерге даналық сәулесін сепкен ұстаз-ана, ауданымызға танымал ақындардың бірі де бірегейі – Бақыт Ағзамқызы Әбділманова қарашаның 5-і күні 75 жасқа толып отыр.

Бүгінде жетпіс бес деген жарқын жасқа толып отырған еңбек ардагері, ақын Бақыт Ағзамқызының есімі аудан жұртшылығына кеңінен таныс. Сонау даламыз отқа оранған сұрқай соғыс жылдарының алдында 1939 жылы қараша айының 5 жұлдызында қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Шолақөзек ауылында дүниеге келген Бақыт апайдың балалық шағы осы соғыс жылдарымен тұспа тұс келеді.

Белгілі Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері, жазушы Сарбас Ақтаевтың жазбасында: «Бақыт апайдың шыққан жері күллі Көкше өңіріне аты әйгілі текті тұқым – Ақан ағаның нағашы жұрты Қарауыл ішіндегі Көбей руы. Көбейдің ел адамы, Көкше өңіріне аты шыққан атақты Әйберген қажының ұрпағы. Қажы бір жағынан Қорамса тұқымына күйеу де болып келеді. Сол Әйберген қажының ұрпағы Бақыт Әбділманова Ақан сері әулетіне шөбере-шөпшек жиен болып келеді. Олай болса, оның ақындық қабілеті тұқым қуып, ұрпақтан ұрпаққа ұласып келе жатқан қасиет» - делінген.

Бақыт апай Шолақөзек бастауыш мектепте Есентай Мұқанов секілді білікті мұғалімнен білім бұлағына сусындады. 1957 жылы киелі Казгородок (Сырымбет) орта мектебін күміс медальға бітіріп, Алматы қаласындағы Қыздар педагогикалық институтының физика-математика факультетіне оқуға түседі. Аталмыш жоғары оқу орнына түсуіне ақыл-кеңес берген мектептегі білім мен тәрбие берген



жас ұстаздар - Мәруар апай, Мағи тәте және Бибінуір апайларды (Қыздар ПИ-ның түлектері) Бақыт Ағзамқызы тебірене еске алады.

- Оқу бітірген соң мені Сырымбет орта мектебіне жіберді, - деп Бақыт апай сөзін ары қарай жалғастырды, мен институтты қазақша бітіріп келсем де мұнда келген соң орыс сыныптарына математика пәнінен сабақ беруге тура келді. Рас, алғаш көп қиындықтар көрдім, бірақ төселіп кеттім. Көп еңбектендік, күндіз балаларға білім берсек, көшкісін кешкі мектепте ересектерді оқыттық, - дейді. Бақыт апай өзінің алғашқы шәкірттері Сара Абылғазинаны, Тайлақ Жалмұрзеновты, Көкжеболат Хайыровты, Күлбаршын Жартанованы, Майра Жөкенованы, Лидия Балахметованы, Уәлихан Қоңырбаевты, Сәуле Сексенбаеваларды мақтанышпен еске алады.

Сонымен қатар мерейтой иесі Бақыт Ағзамқызы Щучье, Рузай аудандарының мектептерінде де қызмет істей жүре, мыңдаған жасөспірімдерге сапалы білім беріп, өмірге қанаттандырып ұшырды. Қажырлы еңбегінің арқасында шәкірттері мен әріптестерінің арасында сый-құрметке бөленіп, өз ісінің білгірі, ұлағатты ұстазы атанды.

1962 жылы Қанатбек Балахметұлы Хайыровпен отау құрып, екеуі 52 жыл тату-тәтті бір шаңырақ астында бес бала тәрбиелеп, немере-жиен сүйіп отырған бақытты жандар.

Жалпы 30 жылдан астам өрім өрөңдерге ұстаздық ете жүріп, Бақыт апай ақындық өнерді де қатар алып жүреді. Бақыт Ағзамқызы да бесіктегі

шағынан аяулы анасы мен ақ әженің «Әлди бөпем, әлди-ай» сазды әнін тыңдап өсті. Бұл оның өсе келе ақындар ауылына ат басын тіреуіне жол ашты.

Осы жылдар ішінде бойына ананың ақ сүтінен дарыған асқан дарын, толқынды ойлар Бақыт апайдың өлең жазуына игі әсер еткені сөзсіз. 2004 жылы ақынның өлеңдері Петропавл қаласында басылып шыққан «Бейшешектер» атты жыр жинағына енгізілді. Ақын поэзия айдынына құр қол шықпай, бірден жыр сүйер қауымға осы жылы Алматы қаласында «Жібек жолы» баспасында басылған «Жыр-тұмар» атты өлеңдер жинағымен шығады. Жылдар өте келе Бақыт апай өлең-жырларын жинақтап толықтырып, 2011 жылы «Саумалкөл самалы» деген атпен өлеңдері, жоқтаулары және әндері басылып шығады.

Ақын апамыздың сөзіне жазылған «Әжелер әні», «Есінде ме, құрбыжан», «Айыртауым», «Наурыз вальсі» және «Саумалкөл самалы» әндерінің музыкасы танымал сазгер, әнші Иран сал Тасқара жазған. Қазір де ақынның осы әндері аудан сахнасында талай шырылалып та жүр.

Биылғы жылы Бақыт апай өзі оқыған Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің құрылғанына 70 жыл толған мерейтойына шақырылып, сол кеште өзінің «Қуанам қадамыңа, Алтын ордам» атты өлеңін оқып, көпшіліктің құрметіне бөленгенін мақтанышпен еске алады.

Жетпіс бес деген жастың төріне шығып отырған ұлағатты ұстаз, белгілі ақын Бақыт Ағзамқызының тәлімі мен тәрбиесін көрген шәкірттері бұл күндері бір-бір азамат атанып, еліміздің түкпір-түкпірінде халқы үшін адал еңбек етіп жатыр. «Олар өздері таңдаған маман иесі болып, оны абыроймен атқарып келе жатқандары – мен үшін үлкен бақыт», - дейді ұлағатты ұстаз сөз соңында. Иә, ардақты ана, ұлағатты ұстаз, асқан ақын үшін бұдан артық қандай бақыт керек?!

Мақала соңында біз де мерейтой иесін 75 жасқа толған мерекесімен құттықтай отырып, ардақты анаға зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасына бақыт, шығармашылық табыс тілейміз! Алайымыз поэзия айдынында өлеңімен жайнай берсін дейміз!

Бағлан ҚОЖАҚОВ.

Білім беру

МҰРА МЕН МҰРА ҮНДЕСІП...

**Өлең деген қазына өнер өрге,
Тұта білсе, ақыл-ой берер ерге...
Өлең – жолдас ой түсіп тарыққанда,
Ішіңнен шер шығарар зарыққанда.
Пайдалы істен қол сілтеп безбейтін қып,
Жігеріңді арттырар жалыққанда.
Өлең бастар халықты өнер жаққа,
Жарық сәуле, тыныштық көрер жаққа**

Бейімбет Майлин.

Мақалама арқау етіп отырған екі ұлы халық перзенттері Михаил Юрьевич Лермонтов пен Мағжан Жұмабаевтың поэзия әлемі, міне, осындай құдіретке ие ұлы шығармалар, шабыт көздері дер едім. Кішкентайымнан көркем әдебиетке құмартып өскен мен үшін екі ұлттың әдеби мұрасы көзімнің қарашығындай өте құнды дүние. Ең алғаш қолыма алған Л.Н.Толстойдың шығармалар жинағының 9-томы мен М.Ю.Лермонтовтың «Беләет парус одинокий» өлеңі. Орыс әдебиетіне бет бұрғызып, бейімдеген алғашқы орыс тілі мұғалімім Галина Алексеевна Оськинаға деген шексіз алғысымды қалай білдірімді де білмеймін. Әрине, ана тіліңмен бірге екінші тілді емін-еркін меңгеру жалғыздық қолынан келетін оңай шаруа емес. Бәріміз де білеміз: қай тіл болмасын қоғаммен бірге дамиды, өседі, кеңге қанат жайып, шарықтайды. Оның үстіне, адамның жай ғана емес, жалпы бейнелі ойлауы дамыған сайын тілдің қызмет аясы да, өрістеу ауқымы да, сөздердің мағына беру және тіркесу мүмкіндіктері де арта түсетіні белгілі.

Ал поэзия тілі дегеніміз – өмірдің көңілді күлкісі, оның жарқын көзқарасы, сұрғылт кейіпін сыры, ғажайып сәттерінің жыры, сол өмірдің қаны мен оты. Поэзияға жан беретін ақындарымыз өзін қоршаған бүкіл әлем бояулары мен құбылыстарынан құпия қуат нәріп алып, адамзатты сусындатып отырған бұлақ көзі іспеттес. Кезінде әр қаламгерге тән ерекшелікті қарастырған А.Байтұрсынов: «Әр ақын әр жазушы сөздің басын өзгеше құрастырып, өз оңтайымен тізеді, өз білуінше пікірлейді. Сондықтан әрқайсысының лұғатында өзіндік айырымы, өзіндік белгісі болады. Сол сияқты сөз өнерпаздарының да шығарған сөздерін оқып, лұғатына үйір болғаннан кейін, оның бұрын оқылмаған аты қойылмаған сөздерін де айтпай тануға болады. Сөздің өзін танытатын белгі – тіл, яғни лұғат белгісі болады» деп жазған еді. Расында да, қай ақынды алмаңыз, өз ерекшелігі, өз сөз саптауы бар. Өлең жолдарын оқи отырып, авторын тануға болады.

Екі ақынның да шығармаларындағы тілдік құралдардың қолдану мақсатын айқындау, шығарма шырайын кіргізетін сөздердің экспрессивтік-эмоционалдық бояуын көрсете отырып, олардың көркемдік-стилистикалық қызметін саралау, соның негізінде көркемдік ерекшеліктерін көрсету, сол арқылы олардың көркем шығармаларының бір-бірінен ерекшеленетін стильдік қолтаңбасын анықтау үшін біраз поэзиялық шығармаларын салыстыра талдағанымызда көркем шығармадағы лингвомәдени тілдік бірліктер айқындалып, олардағы ұлттық сипат басымдығы, метафораның фразеологиялық тіркестермен арақатынасы және олардың ақын тіліндегі қолданыс ерекшеліктері байқалды.

Ақынның шығармаларының тілдік ерекшелігі кейіпкер тіліндегі берілу жолдары, тілдік құралдардың қолданыс мақсаты, троп түрлерінің стильдік қызметтері, жазушы шығармаларындағы кірме сөздердегі өзгерістерді көрсету үшін қоғам, ондағы адам келбетін таныту мақсатында алынған бірліктер болып табылады.

М. Жұмабаев өлеңдеріне тоқталсақ, көркемдегіш амалдардың қолданылуы әрқилы.

Эпитеттер, біріншіден, кейіпкердің келбетін портретің, өзіндік ерекшелігін нақты, дәл көрсетуге қызмет етеді; екіншіден, кейіпкердің көңіл-күйін, ішкі жан сезімін ашады. Эпитеттердің құрылымдық жағына келсек, сын есімнің кейде зат есімнен жасалынған эпитеттер көп кездеседі.

Ақын өлеңіндегі теңеудің стильдік мәніне көңіл аударсақ, теңеулерді бірде кейіпкердің кескін-келбетін, бет пішінін, сыртқы көрінісін, тұлғасын, портретін беру үшін қолдана, бірде кейіпкердің мінез құлқың, көңіл-күйін, ішкі сезімін ашу үшін таптырмас тәсіл ретінде пайдаланады («Мені де, өлім, елділе!» Шығармалар жинағы., 111 бет). Мағжан өлеңіндегі теңеулер – эпитетті теңеулер (былдырлаған бұлақтай, нәзік құрақтай, оттай сулу).

Ақын өлеңдерінде метафоралар көп кездеседі. «Метафора тек ауыспалы мағына емес, ол өзі бойына көптеген қасиеттер мен қызметтерді сығыза білген күрделі процесс. Метафораның табиғи болмысы бір уақытта екі мағынаны бір сөзде қатар өмір сүруіне икемделген», – деп көрсетеді А. Сыбанбаева (Жібек бау, жыңды жүрек, жібек мінез «Қарындасыма» Шығармалар., 78 беттегі метафоралары тек ақын қаламына тән метафоралар).

Жазушы кейіптеу (описание) тәсілін де ерекше, өзінше бояу қосып қолданған Жансызға жан бітіре (олицетворение) суреттеп, көз алдымызға әкеледі:

*«Суға-айнаға қаранып,
Салқында леппен таранып,
Қамыс та тұр тербелеп»* («Жазғы жолда», 30 бет)

М. Жұмабаев шығармаларындағы сөз тіркестері, бейнелеуіш сөздер сол кездегі қазақ халқының тұрмысына, ұғымына лайық қолданылған сөздер мен сөйлемдерден тұрады.

Ал М.Ю. Лермонтовтың поэтикалық мұрасының орны бөлек. Көркемөз шеберінің стилі де ерекше. Өз замандастары сияқты Лермонтов шығармаларында бостандық пен еркіндіктің баға жетпес құндылығын аңсап өткен жырлап өткен. Қоғамның әділетсіздігі, адамдар арасындағы екіжүзділік пен сатқындықтан шаршаған Лермонтовтың жан күйзелісі «Прощай, немьтая Россия» өлеңінде баяндалады. Рухани жан тыныштығын іздеу мақсатымен Кавказға жол тартады.

Сол жылдары жазылған өлеңдері жалғыздықтан жанын қоярға жер таппай жүрген кейіпкерлермен табыстырады. «И скучно и грустно...» өлеңінде лирикалық кейіпкер өмірде адамзатқа тән құндылықтың жоқтығын айтып налиды. Ол үшін өмір сүру бос әурешілік сияқты көрінеді. Сонымен Лермонтов шығармаларының тақырыбы дәстүрлі бағытқа (достық пен махаббат, өмірдің мәні, еркіндік пен бостандық, ақын мен жазушының қоғамдағы орны, қоғамдық-саяси мәселелер) негізделген. Осының бәрін ол өзінше шешкен.

Ақындардың екеуі де белгілі бір дүниетаным иесі. Олардың сөз таңдауы, сөз қолданысы, солардың негізінде мәтін құрастыруы отбасы тәрбиесінің білім ордасынан, адами тапғамынан хабар береді. Бұл ақиқат нәрсеге тіл мен ойлаудың бірлігін қоссақ, көп жайдың шешімін табамыз.

Лермонтов та, Мағжан да – заманының бұлбұлы, халқының ұлы ақындары. Олардың сөздері буырқанған тентек бұлақтай, сарқырап аққан асау тау суындай алдында кездескен өмір өткелдерін бұза-жара алға ұмтылған алып күш дерсін! Екеуі де халқы үшін қараңғылықтан құтқарар поэзияның жарық сәулелі шамы іспеттес, болашақтың көкжиегінен көрінер күн кезіне жол сілтеуші Шолпан жұлдыз дер едім! Әдебиет қазынасын келер ұрпақ үшін баға жетпес құнды мұра етіп сыйлап кеткен қос ақынның шығармалары өмірдің шынайы рухани байлығының қаншалықты қымбат екеніне көзімізді жеткізді. Олар өзіміздің ішкі жан-дүниемізге үніліп, жасаған қадамдарымызды бағалауға үйретті. Көркем әдебиеттің бұл жан-ры фасырдаң-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа аманат болып жалғасын таба бермек.

31 қазан күні Петропавл қаласында «Өрлеу» біліктілікті арттыру институтының қызметкерлерінің күшімен М.Жұмабаев пен М.Ю.Лермонтовтың творчествосы бойынша ұйымдастырылған «Мағжан Жұмабаев пен Михаил Лермонтов: көркем сөзбен өрнектелген әлем» тақырыбындағы Халықаралық коллоквиумді өтуі қос дарын мұраларының үндестігін тереңінен ашып бергендей. Қазіргі әдебиеттанудың өзекті мәселелерін ғылыми-тәжірибелік тұрғыдан қолдау, насихаттау мақсатында өткен коллоквиумға қазақстандық мағжантанушылармен бірге көрші ресейлік лермонтовтанушылар және Омбы облысы тіл-әдебиет мұғалімдері қатысып, өз ойларын ортаға салды.

Пленарлық отырыс соңы дөңгелек үстел тренинг-семинар, шеберлік сыныптар жұмыстарымен жалғасты. Жоғары деңгейде дайындалған ұстаздар баяндамалары, ақындар өлеңдері тыңдалды. Халықаралық коллоквиумның өтуіне арқау болып отырған жалынды ақындар, қайталанбас жазушылар Михаил Юрьевич Лермонтов пен Мағжан Жұмабаевтың өлеңдері мен прозасы әлемдік классиканың қатарынан сүбелі орын тепкен өшпес шығармалар. Оқушылардың рухани жан-дүниесінің баюына, адами тәлім-тәрбие алуына, мәдени деңгейінің жоғары сатыға көтерілуіне сеп болатын осындай ақындар құндылығын сақтау жолында аянбай еңбек етіп келе жатқан ұстаздар еңбегі қашанда өз жемісін берерін сенімім мол.

Зұбайраш СЕЙТҚАСЫМ,

Саумалкөл қазақ ОМ-нің орыс тілі пәнінің мұғалімі.

Тыңға – 60 жыл

ӘСЕРЛІ КЕЗДЕСУ

29 қазанда Лобаново орта мектебінің акт залында Тыңның 60 жылдығына орай Лобаново ауыл шаруашылық колледжінің студенттері мен Лобаново орта мектебінің жоғары сынып оқушыларының тың ардагерлерімен кездесуі өтті.

Қазақстан Республикасының Президенті, Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» тұжырымдамасы аясында өткен кездесу, аудандық «Жастар бастамалары орталығы» МҚК бастамашылығы және ұйымдастыруымен жүргізілді.

Сахна төріне жайғасқан, көрі жүздерінен шуақ төгілген, өмірге құлшыныстарын жоғалтпаған дархан көңілді алғашқы тың игерушілерді көру әрі таң қалдырады, әрі сүйсінтеді. Бірін-бірі қағыта қалжыңдасқан риясыз пейілдерінен әлі де жалынды жастықтың қызуы өседі. Ең жасының өзі сексенді алқымдаған, ал алды тоқсанды жағалап қалған қарттардың кез келгені бір-бір тарих, саркылмас шежіре. Осыдан бірер жыл бұрын ғана саны қалың тың игерушілердің бүгінгі қатары сиреп-ақ қалған екен, кездесуге небары 2 ардагердің келуі осыны аңғартқандай. Олар: Тұяқ Есенжанов пен Александр Искрижицкийлер.

Жастардың қарттардың аузынан шыққан әрбір сөзді зейінмен тыңдап, кей тұстарда қолдарын аямай шапалақтап зал ішін дүр сілкіндіріп отырысынан екі ұрпақ арасында орнаған жылы атмосфера, рухани байланысы сезіледі.

Қарсы алдымызда қатарласып отырған қарттар елуінші жылдары өздерінің жалынды жастық күндері мен жылдарын тыңдағы абыройлы да ауыр еңбекке арнады. Шынын айту керек, тың туралы қоғамымызда кереғар пікірлер туындап жатады. Бірі тың игеру біздің өліміздің аграрлық секторының өркендеуіне орасан зор ықпалы болды десе, қарсылас жақ тың игеру «жерімізді аздырып, даламызды тоздырды»



дегенді алға тартады. Онсыз да 30-шы жылдардағы аштықтан репрессиядан, одан қалды қанды қырғын соғыстан селдіреп қалған қазақтың демографиялық ахуалына тиген ауыр соққы болғанын айтады. Расында, қазақ өз елінде үштің бірін ғана құрап, азшылыққа айналғаны өтірік емес. Қазақ мектептерінің жаппай жабыла бастағаны да сол жылдар. Орыстану үрдісі сол кезде айырықша күшке енгені айтылып та, жазылып та жатыр.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев 2004 жылы 6-шы ақпанда Тың және тыңайған жерлерді игерудің 50 жылдығына арналған салтанатты отырыста «... бұл осы жерде еңбек еткен, осы жерде туып қалғандарға қатысты әділетті болмас еді. Тың игерудің дұрыс шешім болғанын уақыт көрсетті. Қазақстан жері тек қана өлімізді нанмен толықтай қамтамасыз етіп қана қоймай, республикамызды дүниежүзінің бидай экспорттаушы он елінің қатарына шығарды» деп атап өтті.

Отырысқа жиналған қауым Нұрсұлтан Әбішұлының өліміздің бүгінгі тәуелсіздігінің алғашқы іргетасын тың игерушілер қалағанын, тап сол жылдары халықтар мен ұлыстардың арасындағы

достықтың негізі салынғаны туралы сөзін асқан ризашылықпен қабыл алды.

Шындығына көшсек, миллиондаған тың игерушілердің ересен де ауыр еңбегін жоққа шығару адами қасиетке сын. Ғасырлар бойы бұйығып жатқан қазақ даласы қайнаған еңбектің қара қазанына айналды. Аз жылдар ішінде Қазақстан қуатты аграрлық республика болып қалыптасты. Мал шаруашылығы шұғыл даму жолына түсті. Тыңға көмек көрсету үшін аймақтарда элеваторлар салынды. Жүздеген жаңа совхоздар бой көтерді. Еліміздің картасында көптеген елді мекендер пайда болды. Барлық саладағы құрылыс қарқын алды.

Қанша айтсақ та, тың эпопеясы - тарихымыздың бір парағы, парағы ғана емес, бүтін бір бөлігі, еңдеше, өткенімізді қадыр тұта білгеніміз жөн сияқты.

Еліміздің теңіздей толқыған егіс алқақтарындағы алтын бидайды, қасиетті де киелі нанның ел ырысының көзіне айналуының бастауында тұрған алғашқы тың игерушілерге деген ризашылық сезім бойды билейді.

Әйгерім ОМАРОВА.

М

Е

Л

Б

А

Ғ

Д

А

Р

Л

А

М

А

ДҮЙСЕНБІ, 10 ҚАРАША ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Дауа» 10:35 «Арнайы репортаж» 10:55 «Айтуға оңай...» 11:40 «Сұлтан Бейбарыс» Т/х 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:45 «Апта Кз» 13:50 «Ақсауыт» 14:25 «Майя» М/х 14:50 «ДЖУНГЛИ КІТАБЫ» М/х 15:05 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:10 «Келін» Т/х 17:00 «Менің Қазақстаным» 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «ӨЗЕКЖАРДЫ» 18:05 «Шын жүректен!» 18:50 «ЗАҢ ЖӘНЕ БІЗ» 19:30 «СҰЛТАН БЕЙБАРЫС» Т/х 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:50 «ҚАРА ШАҢЫРАҚ» Т/х 22:40 «КЕЛІН» Т/х 23:30 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 0:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:30 «Арнайы репортаж» 0:50 «Өзекжарды» 1:05 «Менің Қазақстаным» 1:35 «Шарайна» 2:00 «Дауа» 2:30 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 3:30 «Көкпар» Ұлттық ойын

ХАБАР

7:05 «Айтұмар» 8:00 «Жаңа күн» 10:00 «Жеті күн» 11:00 «Сәтті сауда» 11:30 М/ф «Тор: Легенда викингов» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 «Страх в твоём доме» 14:05 Т/с «Женский доктор – 2» 15:00 Новости 15:15 «Әр үйдің сыры басқа» 15:50 «Сәтті сауда» 16:25 М/с «Кішкентай рыцарь Тренк» 16:55 «Подари детям жизнь» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Көзқарас» 17:45 «Бизнес сыры» 18:00 Новости 18:15 «Ду думан» 19:00 «ТВ Бинго» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Арнайы хабар» 21:00 Новости 21:30 «Махаббатым жүрегімде» Т/х 22:20 Т/с «Сүлейман Великолепный» 23:20 «Жекпе-жек» 0:15 Т/с «След» 1:15 Қорытынды жаңалықтар 1:45 Новости 2:15 «Әр үйдің сыры басқа» 2:45 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 «ДӘРІГЕР АХМЕТОВА» Т/х 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 Т/с «ВЕРОНИКА. ПОТЕРЯННОЕ СЧАСТЬЕ» 12:00 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР» 13:15 «Х ФАСТОР». Күнделік 13:25 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:30 «ДОЗНАВАТЕЛЬ». Т/с 15:30 «112» 15:45 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:45 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 18:55 «Сүйген жар». Т/Х 19:45 «БЕЛЫЕ ВОЛКИ» 21:00 «НОВОСТИ В 21:00» 21:40 Т/с «УЛЫБКА ПЕРЕСМЕШНИКА» 22:50 «Х ФАСТОР». Дневник 23:00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 0:15 Т/с «Дом у большой реки» 2:30 «КӨК ТАРЛАНДАРЫ» Т/х 3:20 «ДӘРІГЕР АХМЕТОВА» Т/х

СЕЙСЕНБІ, 11 ҚАРАША ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Қара шаңырақ» Т/х 10:55 «Айтуға оңай...» 11:40 «Сұлтан Бейбарыс» Т/х 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:45 «SPORT.KZ» 13:10 «Алаң» ток-шоуы 14:00 «ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ» Д/ф 14:30 «Майя» М/х 14:55 «ДЖУНГЛИ КІТАБЫ» М/х 15:05 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:10 «Келін» Т/х 17:00 «Келбет» 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «Еңбек түбі - береке» 17:55 «Ас болсын!» 18:40 «Алтын бастау» 19:05 «Жан жылуы» 19:30 «СҰЛТАН БЕЙБАРЫС» Т/х 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:50 «ҚАРА ШАҢЫРАҚ» Т/х 22:40 «КЕЛІН» Т/х 23:30 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 0:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:30 «Ұлт мақтанышы» Д/ф 1:00 «Ас болсын!» 1:45 «Келбет» 2:10 «Жан жылуы» 2:30 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 3:30 «Шын жүректен!»

ХАБАР

7:05 «Айтұмар» 8:00 «Жаңа күн» 10:00 Новости 10:10 Т/с «След» 11:00 Таңғы жаңалықтар 11:15 «Дело вкуса» 11:45 «Махаббатым жүрегімде» Т/х 12:35 «Экономкласс» 18:00 Новости 18:15 «Сұлтан Сүлейман» Т/х 19:10 «Нүкте» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Бюро расследований» 21:00 Новости 21:30 «Махаббатым жүрегімде» Т/х 22:20 Т/с «Сүлейман Великолепный» 23:30 «Арнайы хабар» 0:00 Т/с «След» 0:50 Қорытынды жаңалықтар 1:20 Новости 1:50 «Әр үйдің сыры басқа» 2:20 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

